

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің  
ғылыми, ақпараттық-талдамалы журналы  
Научный информационно-аналитический журнал  
Павлодарского государственного  
педагогического университета



---

2004 жылдан шығады  
Основан в 2004 году

**ҚАЗАҚСТАН  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ХАБАРШЫСЫ**

**ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ  
ВЕСТНИК  
КАЗАХСТАНА**

**4'2018**

ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ВЕСТНИК КАЗАХСТАНА  
СВИДЕТЕЛЬСТВО  
о постановке на учет средства массовой информации  
№9076-Ж  
выдано Министерством культуры, информации и спорта  
Республики Казахстан  
25.05 2008 года

---

---

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

*Главный редактор*

А. Нухулы, доктор химических наук, профессор

*Зам. главного редактора*

А.К. Свидерский, доктор химических наук, профессор

*Ответственный секретарь*

Д.Ж. Сакенов, кандидат пед. наук, профессор (ПГПУ)

*Члены редакционной коллегии*

А.К. Кусаинов, доктор пед. наук, профессор, лауреат Государственной премии РК, президент Академии педагогических наук Казахстана

Д. Камзабекулы, доктор филологических наук, профессор (ЕНУ им. Л.Н. Гумилева)

Р.К. Толеубаева, доктор педагогических наук, профессор (КазНПУ им. Абая)

Г.К. Ахметова, доктор пед. наук, профессор, председатель правления АО «НЦПС Орлеу»

К.К. Жампеисова, доктор пед. наук, профессор (КазНПУ им. Абая)

В.В. Егоров, доктор пед. наук, профессор (КарГТУ)

С.К. Бердыбаева, доктор пс. наук, профессор (КазНУ им. аль-Фараби)

Н.С. Сафаев, доктор пс. наук, профессор (ТГУ им. Низами, г. Ташкент)

А.А. Петрусевич, доктор пед. наук, профессор (ОмГПУ, г. Омск)

Н.В. Чекалёва, доктор пед. наук, профессор (ОмГПУ, г. Омск)

А.Ф. Филатова, доктор пс. наук, профессор (ОмГПУ, г. Омск)

А.К. Нургалиева, доктор пед. наук (ПГПУ)

Г.Е. Отепова, доктор ист. наук (ПГПУ)

Д.Ж. Сакенов, кандидат пед. наук, профессор (ПГПУ)

С.Н. Сутжанов, доктор филол. наук (ПГПУ)

Ж.А. Усин, доктор пед. наук, профессор (ПГПУ)

*Технический секретарь*

Г.С. Салменова

---

---

Тематическая направленность журнала «Педагогический вестник Казахстана»:  
педагогические, гуманитарные, социальные науки, образование.

Периодичность: 4 номера в год.

Язык публикуемых статей: казахский, русский, английский языки.

© ПГПУ

*Жоғары мектептің өзекті мәселелері  
Актуальные проблемы высшей школы*

<b>Қ.З. Жүнісова, Л.Н. Сиробаха</b> Электрондық оқу курстарын әзірлеуде PowerPoint форматында iSpringSuite бағдарламасын қолдану .....	4
<b>Г.М. Ордабай, Ж.Қ. Жұбантаева</b> Қызметтік грамматиканың тіл білімінде зерттелуі .....	10
<b>Бекен Сағындықұлы, Н.Х. Ахтаева</b> Дәстүрлі оқытудағы әдіс пен таным .....	18

*Ғылым мен білім берудегі қазіргі заманғы зерттеулер  
Современные исследования в науке и образовании*

<b>Д.П. Мучкин, А.Х. Халелова, Б.Ф. Солтанбаева</b> Поиск путей развития критического мышления у студентов – опыт и осмысление .....	26
<b>М.И. Джумаев</b> Формирование умений дидактической деятельности учителя в обучении начальной школы .....	34
<b>М.Х. Эшонкулова</b> Дидактические основы формирования элементарных математических представлений у дошкольников .....	43

*Өлкетану  
Краеведение*

<b>Д.Ж. Ақназар, Ж.Қ. Жұбантаева</b> Әлемдік тіл біліміндегі интернет-лингвистиканың зерттелуі .....	58
Правила для авторов .....	65

МРНТИ14.35.07

**Қ.З. Жүнісова<sup>1</sup>, Л.Н. Сиромеха<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Жаратылыстану факультеті,  
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,  
Павлодар қ, Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы  
e-mail:ZhunusovaKZ@mail.ru

## ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУ КУРСТАРЫН ӨЗІРЛЕУДЕ POWERPOINT ФОРМАТЫНДА ISPRINGSUITE БАҒДАРЛАМАСЫН ҚОЛДАНУ

### *Аңдатпа*

*Бүгін Қазақстанда электрондық оқыту белсенді даму сатысында. Бұл әлемдегі қашықтықтан білім берудің танымал болуымен байланысты. Әлемдік мамандар электрондық оқытуды (eLearning деп аталатын) әзірлеу саласында белгілі бір тәжірибе жинақтады. Нарықта eLearning үшін бағдарламалық қамтамасыз етудің едәуір саны бар: электрондық курстарды әзірлеу құралдары (authoring tools) және қашықтықтан оқыту жүйесі (Learning Management Systems, LMS). Мақалада электрондық оқу құралдарын құру үшін бағдарламалық өнімдерді пайдалану ерекшеліктері қарастырылған. Сондай-ақ, авторлар PowerPoint форматында iSpring Suite бағдарламалық жүйесін қолдану арқылы электрондық оқу курстарды әзірлеуде баса назар аударады. Мақалада ұсынатын электрондық оқу құралдарын жасау бағдарламасы электрондық оқу басылымдарын жасаумен айналысатын кез келген оқытушыны, сондай-ақ осы салада құзыретті емес адамдарды қызықтыра алады.*

*Түйінді сөздер: Microsoft PowerPoint, iSpring бағдарламалық жүйесі, презентация, интерактивті сабақтар, мультимедиа.*

### КІРІСПЕ

Шетелде де бар электрондық оқу курстарының айтарлықтай үлесі Microsoft PowerPoint бағдарламасында жасалады. Бұл құрал пайдаланудаыңғайлы және интерактивті, мультимедиялық мазмұнды жасау үшін көптеген мүмкіндіктер береді. Дегенмен, PowerPoint мүмкіндіктері толық электрондық курсты жасау үшін жеткіліксіз. Атап айтқанда, электрондық курс форматы қашықтықтан оқыту жүйесіне (ҚОЖ) жүктеу үшін SCORM немесе AICC стандарттарымен үйлесімді болуы тиіс. Сонымен қатар, PowerPoint – презентациялар негізіндегі курстарда тесттер, тапсырмалар, аудио немесе бейне – сүйемелдеу және басқалар сияқты


қосымша элементтер жиі пайдаланылады. eLearning үшін бағдарламалық қамтамасыз етудің әлемдік нарығы PowerPoint базасында электрондық курстарды әзірлеуге арналған құралдардың кең таңдауын ұсынады [1–3]. Олардың арасында ең көп тараған Articulate Studio, Adobe Presenter және iSpring Suite. iSpring өнімдері Ресейде әзірленгенін. Бүгінде бұл eLearning үшін әлемдегі ең танымал ресейлік құрал. iSpring параметрлерінің көпшілігі бойынша бәсекелестердің өнімдерінен, соның ішінде Adobe Presenter өнімдерінен, өнім нарық көшбасшысынан айтарлықтай асып түседі [4].

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

*iSpring Suite-MS Office* программалық пакетінің құрамына кірін PowerPoint программалық жүйесінде электрондық оқу курстарын әзірлеу үшін кәсіби құрал. iSpring арқылы оқу курсы бірнеше кезеңде жасауға және жариялауға болады:

1. PowerPoint-презентациялар негізінде оқу курсы құру;
2. Аудио және бейне сүйемелдеу жасау;
3. Интерактивті тесттерді әзірлеу;
4. Интерактивті блоктарды құру;
5. ҚОЖ үшін жариялау [4].

iSpring құралдары электрондық курстар жасау үшін PowerPoint-қа қондырма (надстройка) түрінде орнатылады (сурет 1). Барлық iSpring мүмкіндіктері жеке қойындыда қол жетімді, бұл презентацияларды тікелей PowerPoint бағдарламасында оқу материалдарына айналдыруға мүмкіндік береді.




Сурет 1. PowerPoint ішіндегі iSpring Suite құралдар панелі [4]

iSpring оқу курсының негізі PowerPoint-те жасалған презентация болып табылады. Электрондық оқу курсы Flash форматына конвертациялау кезінде iSpring қосымшасы PowerPoint-тің барлық әсерлерін тамаша қолдауды қамтамасыз етеді: анимацияларды, ауысу әсерлерін, SmartArt-фигураларды және тіпті триггер-анимациялар мен гиперсілтемелерді. Триггер-анимацияларды толық қолдау – iSpring өнімдерінің бірегей ерекшелігі болып табылады.

Электрондық курстың артықшылықтарының бірі мультимедиялық ресурстарды белсенді пайдалану мүмкіндігі болып табылады. Презентацияға PowerPoint құралдарымен қиын енгізілетін (немесе мүлдем мүмкін емес) мультимедиа нысандарын iSpring-мен тілей бір реет басып егізуге болады.

2-ші суретте презентацияға химия пәнінен «Оттегі» тақырыбы бойынша видео ролик YouTube алынып кіріктірілгені көрсетіледі.




Сурет 2. iSpringSuiteкөмегіменYouTube-роликтікірістіру

Оқу курсына енгізілген ақпараттармен қатар студенттерге тақырып бойынша қосымша материалдар қажет болады. Бұл әдістемелік нұсқаулар, кітаптар, сызбалар болуы мүмкін. iSpring құралдар панелінде «Сілтемелер» батырмасы файлдар мен веб-сілтемелерді курсқа оңай бекітуге мүмкіндік береді.

Презентацияға әртүрлі форматтағы .doc, .pdf, .jpg және басқа да көптеген файлдарды қоса тіркеуге болады. Веб-сілтемелері үшін, сол терезеде немесе жаңа браузер терезесінде ашу әдісін баптауға болады (Сурет 3).

Бекітілген файлдар плеерде жарияланған презентацияларды көру кезінде жүктеу үшін қол жетімді болады.

Тиімді электронды курс тек Оқу материалдары бар слайдтарды ғана емес, сонымен қатар студенттердің білімін тексеруге арналған тесттерді де қамтиды. iSpring кіріктірілген iSpring QuizMaker құралы арқылы интерактивті тесттер мен сауалнамаларды жылдам жасауға мүмкіндік береді.



Сурет 3. iSpring Suite көмегімен химиядан Веб-сілтемесін кірістіру көрінісі

iSpring QuizMaker 2-типтегі сұрақтарды қолдайды:

- Бағаланатын сұрақтар (интерактивті тесттер) – білімін тексеру үшін;
- Анкеталық сұрақтар (сауалнамалар) – ақпарат жинау, кері байланыс үшін.

Студенттің білімін тексерудің ең қарапайым және тиімді тәсілі-бұл бағаланатын тест. Тесттің бұл түрі студенттің жауаптарының дұрыстығын бағалауға және тесттен өту үшін балл беруге мүмкіндік береді. Сұрақтардың келесі түрлері бар:

- *Дұрыс/дұрыс емес.* Бекітудің дұрыстығын бағалау.
- *Жеке таңдау.* Жауаптың ең дұрыс нұсқасын таңдау.
- *Көпше таңдау.* Бірнеше дұрыс жауаптарды таңдау.
- *Жолды енгізу.* Сұраққа жауапты арнайы өріске енгізу.
- *Сәйкестік.* Лайықты элементтерді келтіру.
- *Реттік.* Ұсынылған нұсқаларды дұрыс ретпен орналастыру.
- *Санды енгізу.* Дұрыс жауапты сандық түрде енгізу.
- *Олқылықтар (пропуск).* Мәтіндегі олқылықтарды тиісті жауаптармен толтыру.
- *Берілген жауаптар.* Ашылмалы тізімдерден дұрыс жауаптарды таңдау.
- *Сөздер банкі.* «Сөз банкінен» нұсқалардың көмегімен олқылықтарды толтыру.

– *Белсенді аймақ*. Суреттегі дұрыс аймақты көрсету [4].

Сауалнама көмегімен жауаптардың дұрыстығын бағалаусыз ақпарат жинау үшін сауалнамалар жасауға болады.

Тесттің әрбір сұрағы суретпен, аудио-, бейне немесе Flash – роликпен, сондай-ақ формуламен толықтырылуы мүмкін. Сонымен қатар, мәтін мәнерін теңшеуге және гиперсілтемелерді кірістіруге болады. Жауаптардың нұсқалары суретпен немесе формуламен толықтырылуы мүмкін.

## ҚОРЫТЫНДЫ

– Microsoft PowerPoint және презентацияларды флэш форматына түрлендіруге арналған iSpring Suite бағдарлама – бұл электрондық оқу материалдарын әзірлеудің тамаша құралы.

– Қарастырылған бағдарламалар оқытылатын пәндерден электронды оқулықтарды құрастыру бойынша ЖОО оқытушыларына арналған әдістемелік кеңес ретінде ұсынылады және де бұл бағдарламалық жүйелер мұғалімдерге, оқытушыларға кәсіби қажет құрал болып табылады.

– Ұсынып отырған электрондық оқу құралдарын жасау бағдарламасы электрондық оқу басылымдарын жасаумен айналысатын кез келген оқытушыны, сондай-ақ осы салада құзыретті емес адамдарды қызықтыра алады.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Дуброва Н.** eLearning – Обучение с приставкой «е» // Открытые системы. [Текст] 2004. №11.

2 **Бовт И.** Обзор средств быстрой разработки мультимедийных курсов [Электронный ресурс] // eLearningWorld. 2007. №2-3. URL: <http://www.elw.ru/magazine/23/>

3 **Маминов С.** Learning Content Development System. URL: <http://nixika.ru/learning-content-development-system> // Технический блог Сергея Мамина. (Дата обращения – 04.05.09).

4 iSpringSuite. Набор профессиональных инструментов для быстрой разработки электронных курсов [Электронный ресурс] // Сайт компании iSpringSuite. URL: <http://www.ispring.ru/company/press-releases/ispring-ispring-suite-6-0.html>.



К.З. Жунусова<sup>1</sup>, Л.Н. Сиромеха<sup>1</sup>

**Использование программного обеспечения iSpringSuite  
в формате Power Point  
для разработки электронных учебных курсов**

<sup>1</sup>Факультет естествознания,  
Павлодарский государственный педагогический университет,  
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан.

K.Z. Zhunussova<sup>1</sup>, L.N. Siromaha<sup>1</sup>

**Using the iSpring Suite software  
in PowerPoint format to develop e-learning courses**

<sup>1</sup>Faculty of Natural Sciences,  
Pavlodar State Pedagogical University,  
Pavlodar, Pavlodar region, the Republic of Kazakhstan.

Аннотация

Сегодня электронное обучение в Казахстане находится на стадии активного развития. Это связано с популярностью дистанционного образования в мире. Мировыми специалистами накоплен определенный опыт в области разработки электронного обучения (так называемого eLearning). На рынке имеется значительное количество программного обеспечения для eLearning: средства разработки электронных курсов (authoring tools) и система дистанционного обучения (Learning Management Systems, LMS). В статье рассмотрены особенности использования программных продуктов для создания электронных учебных пособий. Также авторы акцентируют внимание на разработке электронных учебных курсов с использованием программного обеспечения iSpring Suite в формате PowerPoint. Предлагаемая в статье программа для создания электронных учебных пособий может заинтересовать любого преподавателя, занимающегося созданием электронных учебных изданий, а также людей, некомпетентных в этой области.

Ключевые слова: Microsoft PowerPoint, программное обеспечение iSpring, презентация, интерактивные уроки, мультимедиа.

Summary

Today, e-learning in Kazakhstan is at the stage of active development. This is due to the popularity of distance education in the world. World experts have gained some experience in the development of e-learning (so-called eLearning). On the market there is a significant amount of software for eLearning: e-course development tools (authoring tools) and distance learning system (Learning Management Systems, LMS). In this article features use of software products for creation of electronic manuals of new generation. Also, the authors focus on the creation of e-learning tools using the software iSpring Suite in PowerPoint. The proposed program for the creation of electronic textbooks may be of interest to any teacher engaged in the creation of electronic educational publications, as well as people incompetent in this area.

Keywords: Microsoft PowerPoint, iSpring software, presentation, interactive lessons, multimedia.

МРНТИ 16.01.11

**Г.М. Ордабай<sup>1</sup>, Ж.Қ. Жұбантаева<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Гуманитарлық факультет  
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті  
Павлодар қ., Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы  
e-mail: jayuka@mail.ru, zh.ordabaeva@mail.ru

**ҚЫЗМЕТТІК ГРАММАТИКАНЫҢ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ***Аңдатпа*

Мақалада қазақ тіл біліміндегі қызметтік грамматиканың ғылыми-тарихи зерттеулерінің негізгі бағыттары қарастырылған. Қазақ тілінің функционалды грамматикасының негізгі ұғымдары мен категориялары туралы, функционалды грамматиканы зерттеудегі басқа ғылым салаларымен байланысына қатысты ғылыми зерттеулерге тоқталады. Қазақ және орыс тілінің функционалдығын зерттеген еңбектердің қатары көрсетіледі. Олардың қатарында З.Қ. Ахметжанова, С.С. Құнанбаева, А. Салқынбай сияқты ғалымдар бар. Басқа да ғалымдардың осы саланың негізгі ұғымдары мен категориялары туралы функционалды-коммуникативтік табиғаты, жалпы функция атқаратын тілдік бірліктердің сөйлеу кезіндегі мағынасы мен қызметі туралы еңбектері атап өтілген. Олардың қатарына Қ. Рысалды, Б. Қапалбеков, Б. Шалабай, Т. Әбдіғалиева, О.С. Жұбаева, Ж. Сәдуақасұлы, А. Жаңабекова, М. Жолашева, Ф.Е. Имамбаева, т.б. еңбектерін жатқызуға болады. Олардың зерттеулерінде функционалды грамматиканың негізгі түсініктері қарастырылған.

*Тірек сөздер:* тіл, сөйлеу, жұмсалым, мағына, қызмет, функция, функционалды, грамматика, семантика, қызметтік.

**КІРІСПЕ**

Функционалды тіл білімі – тілдің қарым-қатынас құралы ретіндегі қызметін сипаттайтын бағыттар мен көзқарастардың жиынтығы. Қарым-қатынас құралы ретінде тілдің қызметіне басты назар аударатын құрылымдық лингвистиканың бір тармағын құрайтын бағыттар мен мектептер. Функционалды тіл білімінің негізін қалағандар – И.А. Бодуэн де Куртене, Ф. де Соссюр, О. Есперсен. Функционалды тіл білімінің негізгі принципі – тілді сөйлеу құралдарының белгілі мақсат көздеген жүйесі деп тану. Ойлаудың бейнесі, көрінісі болып табылатын тілдің негізгі мәні, қызметі қарым-қатынас құралы болуы десек, тілдік бірліктердің жеке грамматикалық ерекшеліктерін зерттеумен бірге, оның сөйлеудегі қызметін

айқындаудың мәні зор болып табылады. Ойды жеткізудің негізгі құралы тіл болғандықтан, тіл мен ойлаудың арасындағы байланысты анықтауда кешенді теориялық ілім жасаған – Әл-Фараби болып табылады. Сөйлеудің мәнін ашу барысында Әл-Фараби логикалық категорияларға сүйенеді, әрі логика мен тілді бір-бірімен сабақтастыра отырып зерделеп, тұжырым жасайды. Қазіргі таңда функционалды тіл білімін зерттеудің әртүрлі аспектілері мен бағыттары пайда болып, әрі қарай даму үстінде: функционалды грамматиканың жалпы теориялық мәселелері (В.Г. Адмони, А.В. Бондарко, В.Г. Гак, Н.Ю. Шведова, т.б.); функционалды-синтаксистік концепция (Г.А. Золотова, Д.Н. Шмелев, Н.А. Слюсарева); функционалды аспектология (Ю.С. Маслова, А.В. Бондарко, Т.В. Булыгина, т.б.); өріс теориясы арқылы зерттеу (М.М. Гухман), т.б. Функционалды тіл білімі қазақ тіл білімінде енді ғана қолға алына бастаған сала. Функционалды тіл білімі тіл табиғатын кешенді сипатта зерделеумен, адамдардың қарым-қатынасында белгілі бір хабарды жеткізуде қолданылатын лексикалық, грамматикалық бірліктердің қызмет жүйесінің өзара қарым-қатынасындағы заңдылықтарды айқындаумен анықталады. Ол әр түрлі тілдік деңгейге жататын бірліктерді ортақ семантикалық қызмет атқаруына байланысты жүйелі бір құбылыс ретінде қарастырады. Функционалды тіл білімінің басты ерекшелігі – тілдік құралдар қызметі жүйесінің сөйлеу барысында мағына мен мәнді берудегі ортақ заңдылықтарын айқындау, яғни грамматикалық бірліктердің, лексикалық жүйе мен контекстің арасындағы ортақ заңдылықтар сөйлеуге қатысты анықталып, талданады.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ әдеби тілін зерттеудің барлық аспектілері тілдік бірліктердің семантикасына, функциясына, оның қолданыс заңдылықтарына тоқталмай немесе адамдық факторды есепке алмай нәтижелі зерттеулер жүргізе алмайды. Функционалды грамматиканың негізгі өзегі болып табылатын функционалды-семантикалық өріс теориясы туралы ғылыми концепциялар, ол туралы ғылыми-ақпараттық көзқарастарды жүйелеу басшылыққа алынды. Сонымен қатар функция терминінің сипаты туралы да ғылыми-танымдық ақпараттар мәселесі айқындалды. Функционалды грамматиканың негізгі ұғымдарының бірі категориялық жағдаят болып табылады. Функционалды грамматиканың өзіне тән ғылыми-теориялық базасы, ұғымдары мен категориялары бар. Функционалды грамматиканың негізгі өзегі функционалды-семантикалық өріс, онымен тікелей жалғасып жататын категориялық жағдаят, персоналдылық, предикативтілік, темпоральдылық, каузативтілік, т.с.с. назарға алынды [1, 23].

Функционалды грамматиканың негізін қалауға көп еңбек еткен алыс және жақын шетел басылымдары болғанын айта кету керек. Функционалды стилистиканың негізінің қалануына Пермь мектебінің зерттеушілерінің етістік категориясына функционалдық тұрғыдан назар аударуы тікелей себепкер болды. Етістік категориясын функционалдық тұрғыдан қарастыру оның алдындағы жеке ғылыми зерттеулердің ғылыми көзқарастар нәтижесінен жалпы функционалдылық термині толық тұрақтана бастады [2, 45]. Ал етістіктің функционалдылық тұрғыдан назар аудару бұрынғы ежелгі интеллектуалды ағымдардың концепцияларына тікелей байланысты болатын. Функционалды грамматиканы зерттеуші ғалымдар осы саланың ғылыми салаға ілігуінің басты ғылыми концепцияларына негіз болған ғылыми еңбектердің зор маңызын әр уақытта атап көрсеткен. Олардың қатарында ең бастылары болып саналатын Ф.Брюндтің «Тіл және әлем» (1922) еңбегі мен О. Есперсеннің «Философия грамматикасы» (1924) еңбектерінің жалпы функционалды грамматика үшін маңызының орасан зор роль атқарғанын атап айтады. Осымен қатар функционалдық талдауға негізделген тілдік функцияның алғашқы жеке жанама концепцияның ұсынған копенгагендік лингвистикалық үйірменің тілдік талдаудың да қосқан үлесі де аз болған жоқ. Белгілі ғалымдар Г. Гийоманың сөйлеу сәтіндегі тіл функционалдығын басшылыққа алынған еңбектің де маңызын айта кету керек. Осы салаға қатысты жазылған еңбектердің ішінде тілді функционалдық тұрғыдан қарастыруды назарға алып, ғылыми айналымға ендіруге негіз болған ғылыми зерттеулердің қатарына француз мектебінің өкілі А. Мартини тағы басқа ғалымдардың да ғылыми ұстанымдары негіз болды. Олар тіл функциясының коммуникативтік аспектіде қарастыруға тікелей көңіл бөлген болатын. Бұл ғылыми ұстанымдардың функционалды грамматиканың қалануына ықпал еткені, әрі осы бағытқа қосылғаны жаңалық болып табылады [3, 79].

Қазақ әдеби тілінің сөз сөйлеу аспектілеріндегі мазмұннан формаға қарай ойысқан тілдік бірліктердің функционалды-семантикалық өрісінің мазмұнын және адамдық фактордың ойлау-пікір білдіру «әрекетіндегі» танымдық, интенциялық, пресуппозициялық сипатының мәнділік қызметін тұтастай алғанда, күзіреттілігін анықтау болып табылады [4, 102].

Функционалды грамматиканың негізінің қалануына Брюно, О. Есперсен зерттеулері мен басқалардың еңбектерінің игі ықпалы болған. Функционалды грамматиканың теориялық негізін қалап әрі дамытқан грамматиканы бірнеше ғылым салаларымен атап айтқанда, психологиялық, типологиялық және прагматикалық түрлері жайында айтқан – С. Дик болды [4, 103].

Функционалды грамматиканың өзіндік теориясын А.В. Бондарко дамытты. Функционалды грамматиканың негізгі объектісі – грамматиканың ішінде «мазмұннан-тұлғаға, тұлғадан мазмұнға қарай» сияқты тілдік бірліктерді

зерттейтін бағыт болып табылады. Алғашқылардың бірі болып бұл бағытты орыс тіл білімінде А.В. Бондарко кеңінен қарастырған [5, 56].

Функционалды грамматиканың негізгі нысаны функционалды-семантикалық өріс болып табылады. Функционалды-семантикалық өрістің өзі мағыналық категорияларға жатады. Алғаш рет «мағыналық категория» терминін ғылыми айналымға ендіріп қолданған О. Есперсен еді [2, 47].

Жеке ғылым саласы басқа ғылымдармен шектескенде жаңа бағыттарының туына тікелей ықпал етеді. Қазақ тілінің функционалдығын зерттеу барысында тілдің функционалдығын сөйлеу актісінде адамдық фактордың ұғымдық, танымдық, іс-әрекеттері өзара байланыста, бірін-бірі толықтыра логикалық жүйемен үздіксіз дамытылып отырылатындықтан, осы пән туралы ғылыми-тәжірибелік білім қоры көптеген шектес ғылымдармен сабақтастырыла байланыстыруды негізгі мақсатқа алып отырады. Сондықтан қазақ тілінің функционалды грамматикасын зерттеу барысында тілді зерттеудің антропоцентристік бағытының басты ұстанымдары көптеген ғылым салаларымен байланысын тудырып, тілдің көп аспектілі жүйесін басқа да ғылым салаларын байланыстыра зерттеуді қажет етеді [5, 59]. Қазақ әдеби тілінің грамматикалық бірліктердің қолданылу ерекшелігіне ерекше мән беріліп, ұғымдардың өзара қатынасына, олардың тілдегі қолданысына қазақ ғалымдары басты назар аудара бастады. А. Байтұрсынұлы, Т. Шонанов, Қ. Кемеңгерұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов еңбектерінде функционалдылық бағытының негізі қаланған болатын. Бұл бағыттардың ортақ идеясы адамдық факторды басты қағида етіп ала отырып, ақиқаттың тілдік концепциялары мен субъектілік концепцияларын ақиқат ретінде тану мәселелерінің ерекше моделін жасауды басты ұстаным етіп алады [6, 41]. Тілді қолдануда адамдық фактор қоршаған шындық өмірдің ақиқатын тануға арналған сөйлеу әрекетінде ақыл-ой санасымен тілдің грамматикалық заңдылықтары арқылы сөз түзеді. Осы сөз түзілісінде айтушының белгілі ақиқат ұстаным түсініктерінің мазмұны қалыптасады [7, 29]. Ең басты ескеретін нәрсе, грамматикалық заңдылықты негізге ала отырып, айтушы мен қабылдаушының сыртқы фактормен тілдің ішкі субстанционалды қасиеттерінен грамматикалық функцияның аспектілерінен толық айқындауға мүмкіндік болатыны анықталды. Тілдің құрылымдық жүйесінен әр түрлі аспектіде қаралуы функционалды грамматикалық негізіне бағыт берді. Сондықтан функционалды грамматика әр түрлі аспектіде қарастырыла бастады [7, 30]. Қазақ тіл ғылымында да бұл ғылыми пікір өте ерте айтылған болатын. Сонау өткен ғасырдың 50-жылдары қазақтың белгілі ғалымы С. Аманжолов: «Енді көп сөздер бір-бірімен ойлау жүйесі жағынан қалай байланысады (әрине, бұл жерде орын, қиысу, қабысу, меңгеру сияқты арнаулы бөлімде айтылатын қарым-қатынастарды сөз қылайық деп отырғанымыз жоқ)», соны әңгіме қылмақпыз. Ескі грамматикадағы логистер

сөйлемдегі сөздердің логикалық байланысын қарауы, тек формальді логиканың заңы бойынша еді. Сондықтан сыртқы тұлға мен ішкі мазмұн қайшылықтары заңдылықтары мүлде айтылмаушы еді. Бұл мәселені шамамыз келгенше, диалектиканың заңдарына сүйене отырып қарап шығуды мақсат еттік» деген болатын. Тілдің көп функционалдығы адамдық фактордың логикасымен, танымдық білімі мен сөз «әрекетінің» құзіреттілігін өзара бірлікте қалыптастырудың алғышартының негізгі өзегінен тарайды. Тілдің функционалдығын толық тану оның көп жүйелілік қызметінің мәнін анықтау үшін тіл білімінің өз ішіндегі салаларымен және гуманитарлық білім бағыттарымен біртұтас, үздіксіз бір байланыста қарастыруды қажет әрі талап етеді [8, 90].

Тілді зерттеудегі классикалық дәстүрлі немесе құрылымдық грамматика айтушының ойлауын және тілден тысқары факторларды ескермеді. Тілді айтушы мен оған ықпал ететін факторлар арқылы қарастыру тілдің функционалдығын әрі мағыналық өрісін анықтауға тікелей ықпал етті [7, 33].

Қазақ тілінің функционалды грамматикасының негізгі ұғымдары мен категориялары туралы, функционалды грамматиканы зерттеудегі басқа ғылым салаларымен байланысына қатысты ғылыми зерттеулер соңғы уақытқа біршама жазылды. Олардың алғашқыларына Е.Н. Жанпейісовтің қызметтік грамматиканың бастау ұғымдарына арналған еңбегін атап кету керек. Қазақ және орыс тілінің функционалдығын зерттеген еңбектердің қатарына З.Қ. Ахметжанова, С.С. Құнанбаева, А. Салқынбай еңбектерінің функционалды грамматиканың негізгі түсініктері туралы зерттеулерінде айтарлықтай маңызы бар [6, 42].

Басқа да ғалымдардың осы саланың негізгі ұғымдары мен категориялары туралы функционалды-коммуникативтік табиғаты, жалпы функция атқаратын тілдік бірліктердің сөйлеу кезіндегі мағынасы мен қызметі туралы еңбектерін атаған жөн. Олардың қатарына Қ. Рысалды, Б. Қапалбеков, Б. Шалабай, Т. Әбдіғалиева, О.С. Жұбаева, Ж. Сәдуақасұлы, А. Жаңабекова, М. Жолшаева, Ғ.Е. Имамбаева т.б. еңбектерін жатқызуға болады [9, 20].

## ҚОРЫТЫНДЫ

Ғылымның қай саласында болмасын ғасырлар бойы өзектілігін жоймай, керісінше, зат пен құбылыстың мәні тереңірек түсінуге жол көрсететін және тың тұжырымдар жасауға қозғау салатын ғылыми тұжырымдар мен ой-пайымдаулар, ғұмырлық еңбектер болады. Осындай қазақ грамматикасына қатысты айтылған, күні бүгінге дейін өз маңызын жоймаған XX ғасырдың басындағы қазақ ғалымдарының тұжырымдары мақала өзегін құрайды. Тілдің қолданыстық си-

патына қатысты тұжырымдар тілдегі функционалды бағытының негізін қалайды десек, оның нышандары өткен ғасырдың бірінші жартысында жарық көрген А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов зерттеулерінде айқын көрініс береді. Бұл ғалымдар қазақ тіл білімінің негізін ғана салып қойған жоқ, ондағы ғылыми бағыттарды да айқындап берді. Солардың бірі – тілдегі функционалдық бағыт. Бұл мәселе мақала деңгейінде А. Байтұрсынұлы мен Қ. Жұбанов еңбектеріндегі етістік категорияларына және С. Аманжоловтардың септік категориясына қатысты жасаған ғылыми тұжырымдарына талдау жүргізу арқылы зерделенген.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Байтұрсынов А.** Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 448 б.
- 2 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
- 3 **Матезиус В.** Functional Analysis of Prest DAY English on General linguistig Boss. 1975.
- 4 Лингвистический энциклопедический словарь. 1991. – 760 б.
- 5 **Аманжолов С.** Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: «Санат», 1994. – 320 б.
- 6 **Жанпейісов Е.** Қызметтік грамматиканың бастау ұғымдары // ҚР БжҒМ мен ҰҒА Хабарлары. Филология сериясы. – 2003. – №1. – Б.41-50
- 7 **Әлкебаева Д.А.** Қазақ тіл ғылымында функционалды грамматиканың зерттелуі. ПМУ хабаршысы. Ғылыми журнал. 2014. – Б.29-33
- 8 **Жолшаева М.С.** Қазақ тілтанымындағы грамматиканы зерттеудің функционалды бағыты. Хабаршы. 2014. – Б.89-93
- 9 **Ахметжанова З.Қ.** Функциональные-семантические поля русского и казахского языков. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 108 с.
- 10 **Жолшаева М.** Қазақ тіліндегі аспектуалды семантика: форма және мазмұн. фил. ғыл. док. дис. автореф., Алматы, 2009. – 50 б.
- 11 **Рысалды Қ.** Категориялық жағдаят – функционалды грамматиканың негізгі ұғымдарының бірі // ҚР БжҒМ ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, №2. – Алматы, 2009. – Б. 28-32
- 12 **Кенесбаев І.** Профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбанов // Қ. Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Үшінші басылымы. – Алматы, Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – Б. 9-33
- 13 **Аманжолов С.А.** Септік жалғаудың қызметі // Тіл мәселелері: жинақ. – Алматы: Ұлт мәдениеті институты баспасы, 1936. – 64 б.

- 14 **Жұбанов Қ.** Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 362 б.
- 15 Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2007. – 482 б.
- 16 Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. – Алматы, ЖШС «Ануар-КЗ», 2010. – 720 б.
- 17 **Омарова А.** Профессор Қ.Қ. Жұбановтың етістіктер туралы ғылыми еңбегі, оның ғылымның кейінгі дамуына ықпалы: филолог. ғылым. канд. ... автореф. – Алматы, 1999. – 24 б.
- 18 **Имамбаева Ғ.Е.** Етіс табиғатының ғылыми негіздері: оқу құралы. Павлодар: Инновациялық Еуразия университеті. – 2011. – Б. 280-313
- 19 **Құнанбаева С.С.** Темпоральные отношения в казахском художественном тексте. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора филологических наук. – Алма-ата, 1991. – 50 с.
- 20 **Оразов М.** Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.

Г.М. Ордабай<sup>1</sup>, Ж.К. Жубантаева<sup>1</sup>

**Исследование функциональной грамматики в языкознании**

<sup>1</sup>Гуманитарный факультет  
Павлодарский государственный педагогический университет,  
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан

G.M. Ordabay<sup>1</sup>, Zh.K. Zhubantayeva<sup>1</sup>

**Research of functional grammar in languages**

<sup>1</sup>Faculty of Humanities  
Pavlodar State Pedagogical University  
Pavlodar, Pavlodar Region, Republic of Kazakhstan

#### Аннотация

В статье приведены основные направления научно-исторического исследования официальной грамматики казахского языкознания. Понятия, связанные с основными понятиями и категориями функциональной грамматики казахского языка, взаимоотношениями с другими науками при изучении функциональной грамматики. Представлен ряд работ по функционированию казахского и русского языков. Среди них ученые З.К. Ахметжанова, С.С. Құнанбаева, А. Салкинбай. Упоминается функциональный и коммуникативный характер других ученых с точки зрения основных понятий и категорий этой отрасли, их работы над значением и деятельностью языковых единиц, выполняющих общие функции. Среди них К. Рысалды, Б. Капалбеков, Б. Шалабай, Т. Абдигалиева, О. Жуббаева, Ж. Садуақасулы, А. Жанабекова, М. Жаксашева, Г.Е. Имамбаева и другие работы можно отнести. Их основные понятия включают функциональную грамматику.



Ключевые слова: язык, речь, речь, смысл, функция, функция, функционал, грамматика, семантика, сервис.

#### Summary

The article presents the main directions of scientific research of the official grammar of Kazakh linguistics. Concepts related to the basic concepts and categories of the functional grammar of the Kazakh language, relationships with other sciences in the study of functional grammar. A number of works on the functioning of the Kazakh and Russian languages are presented. Among them are scientists Z.K. Akhmetzhanova, S.S. Kunanbaeva, A. Salkinbai. The functional and communicative nature of other scientists is mentioned in terms of the basic concepts and categories of this industry, their work on the meaning and activities of language units performing common functions. Among them are K. Rysaldy, B. Kapalbekov, B. Shalabay, T. Abdigalieva, O. Zhubbaeva, J. Saduakasuly, A. Zhanabekova, M. Zhaksasheva, G.E. Imambaeva and other works can be attributed. Their basic concepts include functional grammar.

Keywords: language, speech, speech, meaning, function, function, functional, grammar, semantics, service.

МРНТИ 16.01.45

**Бекен Сағындықұлы<sup>1</sup>, Н.Х. Ахтаева<sup>2</sup>**<sup>1</sup>Филология ғылымдарының докторы, профессор<sup>2</sup>Филология магистрі

Филология және тарих факультеті

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

140002 Павлодар, Павлодар облысы Қазақстан Республикасы

E-mail: kasabek65@mail.ru

**ДӘСТҮРЛІ ОҚЫТУДАҒЫ ӘДІС ПЕН ТАНЫМ***Аңдатпа*

Мақала әдістеме, оның ішінде әдіс түрлерінің қолданылу сипатын анықтайды. Кіріспе бөлімде қазіргі ғылым дамуының үдерісі көрсетіліп, әдіс пен тәсілдің өзіндік ерекшеліктері анықталады. Негізгі бөлім нақты ғылыми талдауларға құрылған. Мұнда еңбек авторлары барлық ғылымдар үшін тиесілі математикалық және философиялық әдістің пайдалану орнын нақты мысалдар арқылы көрсетеді. Аталған әдістердің теориясына үңіліп, ғылыми еңбектерден дәйексөз келтіреді. Философиялық әдістің диалектика және метафизикалық түрлері барынша анықталады. Сондай-ақ, математикалық әдістің басқа ғылым салаларындағы орны айқындалады. Және бұл әдістердің тіл біліміндегі қолданысына тұжырым жасап, лингвистикалық статистика ілімінің пайда болғанын белгілейді. Мақала қазіргі қазақ әдістемесіндегі әдіс пен тәсілдің айырым-ерекшелігін анықтайды. Қорытынды бөлім гуманитарлық ғылымнан орын алатын аталған әдістердің нақты екі белгісін саралайды. Оларды пайдаланудағы басты бағыттарды сатылап көрсетеді.

*Тірек сөздер:* әдістеме, әдіс, тәсіл, математикалық әдіс, философиялық әдіс, лингвистикалық статистика, герменевтика.

**КІРІСПЕ**

Қазіргі ғылым барынша жоғары даму сатысына көтерілді. Мұндай үдеріске сай ғылымдағы зерделеулердің де әр алуан болуы заңды. Мақала тақырыбына айналған әдістеме мәселесі теориялық жақтан да толықтырып отыруды қажет етеді. Оның үстіне терминдік қолданыстардағы әртүрлілік бізге оған шынайы ғылыми тұрғыдан қарауға мүмкіндік берді. Әрине, қазіргі уақытта әдіс пен тәсілдің бір бірлікте берілуі, олардың жеке де қолданылуда жүргені ғылыми тұжырым жасауға итермеледі.

Әдіс мәселесі тек қана әдістеме ілімінде қозғалуы керек десек қателесеміз. Әдіс – барлық ғылымның салаларында өзекті орын алатын категория. Бірақ оның негізгі және екінші орындағы қызметі бар екенін түсінген жөн. Біздің пікірімізше, барлық ғылымдар, оның ішінде гуманитарлық ғылымдар үшін де математикалық және философиялық әдістің орны бөлек. Біз сонымен қоса, жеке ғылымдар үшін жеке әдіс түрлері болатынын да жоққа шығармаймыз. Мәселен, тарихи-салыстырмалы әдісті біз жалпы гуманитарлық ғылымдардың тірегі деп таныр едік. Үшіншіден, негізгі әдістерден жеке ғылым салалары да нәр алып отырады. Біз жоғарыда атаған әдіс түрлері тіл білімі үшін де әбден орныққан жол. Бұл бағыттағы ойымызға басқа ғылымдар тұжырымы да қарсы шықпас деп ойлаймыз. Ал әдіс пен тәсілді айыра алмаушылық жайлы айтқан тұжырымдарымызға қарсы пікір айтушылар табылып жатса, ой бөлісуге әрқашанда дайынбыз.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қандайда бір пәнді оқытуда әдістеме ілімінің орны бөлек. Бір нәрсе анық, алғашында әдістеме ілімінен гөрі теориялық ілім басты нысанда болды. Ақиқатында солай, кез келген ілім ең алдымен теориялық зерделеулерге ұшырайды да, кейіннен соны үйретудің жолы қалыптасады. Қазақ тіл білімі де басқа ғылым түрлеріндей даму жолына түсті.

Қазақ ілімінің ішінде, бәлкім басқа да ғылымдарға қатысы бар, өз ғылымының бағытын алдыңғы қатарға қою үрдісі басым. Біздің заманымыздан бұрын VI–VII ғасырларға дейінгі аралықтан даму ұшқының іздейтін математиканы «ғылымдар атасы» деп тану қазіргі уақытта нақылға айналып кетті. Тіпті, «Google» брендінің мағынасы мен шығу тарихында «100 нөлі бар 1 санын» белгілейтін терминді іздеушілік бар. Оның үстіне «математикалық ойлау адамзаттың көптеген саласында қолданысқа ие: математикалық және статистикалық формулалар саяси зерттеулерде, ежелгі артефактардың түпнұсқалылығын анықтау мен мерзімін нақтылауда, көлік магистральдарының жұмысын сараптауда, және тіпті агроөнеркәсіп саласында тұрақты өніммен қамтамасыз ету стратегиясын құруда да пайдаланылады» [1].

«Даналыққа деген махаббат» мағынасын білдіретін философия тарихы да жоғарыда келтірген ғасырлар тоғысына жетелейді. Қазіргі күні «ғылымдардың ғылымы» атты атауға ие философия терминін алғаш қолданған Антика дәуірінің математигі Пифагор деп те танып жатамыз. Философияны «адамзат баласының сонау ықылым заманнан басталған білімі, қоғамдық сананың формасы, болмыс пен танымның заңдылықтары туралы ілім, – деп біліп, – кез-келген адамды әлем,

қоршаған орта, қоғам, дін, діл, білім, саясат, мәдениет секілді мәселелер бей-жай қалдырмайтыны анық. Міне, осы іспеттес мәселелер философия пәнінің негізгі қарастыратын бөлімдері болып табылатынына» көз жеткіземіз [2].

Тіл білімі бағытында да «Тілдердің атасы бар» (С. Аманжоловта қолданыс тапқан) деген ұғым-түсінік жүр. Демек, тілдің де қалыптасу шамасы ертерек заманға тамыр тартса керек. Мұны ғалым Г. Шухард те көрсетеді: «Говоря о происхождении языка, мы должны относить его возникновение не к началу развития человека, но к определенному этапу в этом развитии» [3, 253]. Тілдің шығуының өз мәселесі бар, ал оның басқа ғылымдармен тарихи тұрғыдан салыстырылуы жеке мәселе. Өз тарапымыздан қазақ ғылымының мына бір пікіріне құлақ салуға шақырамыз: «Кезінде тіл ғылымы философиядан бастау алып, өз алдына ғылым ретінде бөлініп шыққан деген де пікірлер бар. Бірақ, байыптап қарасақ, – дейді Ш. Бекмағамбетов, – философия ғылымы әуелде филологиямен, яки тіл философиясымен байланыста дамығанын аңғарамыз» [4, 51].

Жоғарыдағы теориялық ізденістер аталған ғылым салаларының әдістеме ілімінде одан әрі дәйектеле түскенін байқатады. Жалпы, әдіс дегеніміз, қарапайым тілмен айтқанда, көздеген мақсатқа жетудің жолы, белгілі бір тәсілге негізделген қызмет. Ғылымиланған аспектіде «дүниенің, қоғамның объективтік заңдылықтары мен құбылыстарын практика және теория жүзінде игеруге және өзгертуге бағытталған таным принциптерінің жиынтығы, зерттеліп отырған объекті жөніндегі мәліметтерді және ғылыми жаңалықтарды бір ізге келтіру тәсілдерінің жүйесі» [2]. Аңғарған ғалым әдіс пен тәсілдің айрмашылығын топшылай алса керек. Әдіс – негіз де, тәсіл сол жолдағы алуан түрлі қызмет үлгісі. Біздің ұғымызда да әдіс ең басты және оның түрлері де көп болмауы керек. Шағын мақаламыздың нысанында математикалық әдіс пен философиялық әдістің әбден жетілген әдіс түрлері екеніне қосыламыз. Тағы бір түсінетін жайт, бұл әдіс түрлері қай ғылым саласында болмасын қажеттілігін өтеумен көрініс тауып отырады. Мүмкін, бұл мәселе аталған ғылым түрлерінің (математика, философия) көнелігімен және қазіргі белсенділігімен де айқандалатын болу керек. Біз, негізгі әдістің бірі деп логикалық таразылауды да қабылдаймыз. Әйтсе де оның қай салада болмасын ашылмағына философиямен бірлікте қарастырылатыны жеткізеді. Сондықтан бұл мақала логикалық әдісті жеке-дара қарастыруға соқпайды.

Тіл білімінде терминдік аспектіде кездесетін сөз-ұғымдар мол. Себеп пен салдар, болымды мен болымсыздық, салыстырмалылық, түсіндірмелілік, қарама-қайшылық т.т. толып жатқан тілдік бірліктер философиялық категориялар қатарынан да орын алып отырады. Дұрысы, философиялық талдау нәтижесінде қатардағы тыңдаушыға жеткізіледі. Мәселен, жалпы түсініктегі бар, жоқ ұғымы тілде осы сөздер арқылы білдіріледі, болмаса болымдылық-болымсыздық кате-

гориясына жүгінеді. Нәтижесінде, адамаралық қатынас орнығып қана қоймай, болмыстағы таным көгжиегін тұрақтандыра түседі. Мұндай философиялық әдістің түрі диалектика деп аталады.

Диалектикаға қарама-қарсы әдіс – метафизикалық әдіс. Мұндағы ұстаным бір жақты. Жоғарыдағы мысалды осы бағытта былайша түсіндіруге болады: диалектика қарама-қарсылықты қарастырса, метафизика оның бір жағын, не бар, не жоқ деген түсінікті уағыздайды. Мұндай талдауға тіл білімінің ішкі категорияларын тартуға болады деп білеміз. Мәселен, дыбыс немесе сөзді ішкі бірліктері арқылы қарама-қарсылықта тұрады десек те (дыбыс – дауысты/дауыссыз; сөз – антонимді, я синонимді) метафизика мұның тек дауыстылығын, немесе тек тура мағыналығын жүйелейді.

Философиялық әдістің негізгі түрлері және жиі қолданылатыны осылар. Сонымен қатар философтық пайымдаулар догматиканы (діни бағыт), эклектиканы (саяси бағалар тоғысуы), софистиканы (бастапқы теорияны сақтап қалу), герменевтиканы (түсіндіру теориясы) жеке талдауға тартып жүргені анық. Тіпті, материя мен идеяны, эмпиризм мен рационализмді әдіс тұрғысынан көрсету бүгінде алдыңғы орында қолданылатынын көріп жүрміз. Бір қызығы герменевтиканың «тіл дегеніміз түсінілетін болмыс» (Г. Гадамер) деп қарастыратынын байқасақ, тілдің де, философияның да орынтағы айқындала түседі. Екеуінің де ажырамас бірлікте екені одан әрі нығайтылады, содан барып әр түрлі ғылымдардағы (мәдениет, әдебиет, тіл білімі) герменевтика мәселесін зерттеу алдыңғы орынға шығатыны сөзсіз.

Математикалық әдіс қазақ тіл білімінен орын алып, кейіннен лингвистикалық статистика атты саланың ашылуына жол салды. Бұл ілім 1960 жылдардың соңында зерделенуге алынып, араға қырық жылға уақыт салып дамыған шағына жетті. Осынша жылдар аралығында қырыққа тарта ғылыми еңбек жарық көріп, 300-дің шамасында ғылыми және ғылыми-көпшілік мақалалар жарияланған екен. Лингвистикалық статистика ілімінің басында ғалым Қ.Б. Бектаев тұрды. Әрине, Қ. Бектаев бастамашылығындағы ғалымдар тобы ғылымда танымал математикалық статистика әдісін пайдаға асырды. Бұл әдістің де философиялық әдіс сияқты ғылым түрлерінің барлығында қолданылатынына көз жеткіземіз. Ғылымиландыруға көндірсек, математикалық статистика – «бақылау немесе өлшеу арқылы анықталып, сандар түрінде тізілген деректерді жүйеге келтіру, өңдеу және солар бойынша тиісті ғылыми және практикалық қорытындылар шығару жайындағы ғылым» [2].

Жалпы, математика мен тіл білімін салыстыра беру бұрыннан орын алып отырды. Мәселен, С. Аманжолов: «Әрине, ғылым біткеннің бәрі таптан тыс емес... Цифрмен айтылатын математика ғылымы да, физика, химия да сондай, – дей

